

Тайыр Жароков өлеңдеріндегі «табиғат» концептісі

*Джумабекова А.А.¹, Мажитова Б.К.², Ербулатова И.К.³

¹магистр, аға оқытушы, Жәңгір хан атындағы БҚАТУ, Орал, Қазақстан,
e-mail: vip.ainagull1986@mail.ru,

²магистр, аға оқытушы, Жәңгір хан атындағы БҚАТУ, Орал, Қазақстан,
, e-mail: b.karlovna@mail.ru,

³PhD докторы, аға оқытушы, Жәңгір хан атындағы БҚАТУ, Орал,
Қазақстан,
e-mail: ilmira.1985@inbox.ru

Аңдатпа. Бұл мақала Батыс өлкесінің белгілі ақыны Тайыр Жароковтың өлеңдеріндегі табиғат концептісіне арналады. Мақаланың мақсаты – қазақ поэзиясында өзіндік шығармашылық тұлғасымен даралана танылған, лириканың хас шебері Тайыр ақынның өлеңдеріндегі табиғат ұғымының берілуіне талдау жасау. Лингвокогнитивті аспекті тұрғысынан зерделеу нәтижесінде автордың индивидуалды дүниетанымын есепке ала отырып, табиғат концептісінің тілдік санасындағы лингвокогнитивті моделін ашуға мүмкіндік береді.

Зерттеу жұмысы – көркемдегіш құралдар мен сипаттамалық әдістерді пайдалана отырып жүргізілді.

Зерттеу өзектілігі адам мен табиғаттың өзара қатынасын психологиялық бағалау сипатымен олардың эмоционалдық жай-күйінің жақындығымен байланысты табиғат ерекшелігін анықтау болып табылады. Табиғат концептісі шығарманың идеясын ашуға, образдардың сипатын толықтыруға қызмет етеді. Бұл суреттерден ақынның ой-толғанысының тереңдігі көрінеді. Ақын өмір жаңалықтарын дер кезінде көре біліп, оны публицистикалық леппен, романтикалық сезіммен шабыттана жырлады. Оның қай шығармаларын алсақ та, табиғат көрінісі шығармада көтерілген мәселеге, тартыстың сипатына, кейіпкерлердің адамшылық қалыптарына қатысты бейнеленеді. Мысалы, «Каспий» атты өлеңінде ақын теңіздің буырқанған келбетін оқырманның көз алдына алып келеді. Түн мезгіліндегі асқар таудың ұйықтап жатқан қас батырдың айбынды келбетіндегі жанды бейнесі ой-сезімге әсер етіп, оқырман қиялына қанат бітіреді.

Зерттеу жұмысының ғылыми маңыздылығы шығармадағы табиғат концептісін анықтайтын тілдік деректерге концептуалды, лингвомәдениеттанымдық талдау жасаудың маңыздылығын анықтау. Мақалада табиғат концептісінің жанрлық ерекшелігі көрсетілген. Зерттеу материалы ретінде әдебиетке келген алғашқы жылдардан бастап өмірінің соңына дейін айналадағы табиғат көріністерін үздіксіз жырлап өткен Тайыр Жароковтың өлеңдерінен үзінділер алынды.

Зерттеу жұмысының соңында алынған нәтижелер қазақ өлеңі өрнегіне өзіндік өзгерістер әкеліп, табиғат суреттерін беруде едәуір шеберлік танытқан ақынның өлеңдерінде кездесетін табиғат концептісі ұғымы жан-жақты ашылып, нақты мысалдар арқылы дәйектелді.

Тірек сөздер: концепті, лирикалық өлеңдер, ақын, табиғат көріністері, поэзия, тұлға, шығармалар, поэтикалық образ.

Негізгі ережелер

XX ғасырдың 70 жылдары әдебиетке келіп, талайларды мойындатқан Тайыр Жароков шығармашылығы жаңа заманның жыршысы, лирикалық

тақырыпта қалам тербеткен ақындардың бірі. Бүгінгі орта, заман, қоғам бір басқа, бірақ біз әрқашан өзіміздің түп тарихымызды, тамырымызды, ұлттық құндылықтарымыздың бастауын, сонымен қатар оларды сақтауға, дамытуға зор үлес қосқан аға буын өкілдерін ұмытпауымыз керектігі – ешбір дау туғызбайтын аксиома. Қазақтың рухани әлеміне небір өнер мен әдебиет дүлдүлдерін сыйлаған киелі Ақ Жайық өңірінің, қасиетті Нарын құмының қазақ әдебиетіндегі көрнекті өкілі Тайыр Жароковтың шығармашылығындағы туған жер тақырыбы ерекше суреттеледі.

Тайыр Жароков – қазақ кеңес поэзиясының қалыптаса өркендеп, қарқындап есеюіне еселеп үлес қосып, елеулі еңбек сіңіріп, көркемдік жағынан тартымды және терең идеялы шығармаларымен бүкіл Кеңес Одағына мәшһүр болған ақын.

Кіріспе

Т.Жароков өлеңдерінің біразында «туған жер», «табиғат» концептісі ұшырасады. Бұл концепті ақынның ішкі жан дүниесімен астасып жатыр. Мұнда Отанға, туған жерге деген ақынның көзқарасы, сүйспеншілігі, патриоттық сезімі ашық аңғарылады. «Табиғат» концептісі ақынның поэзисында бейнелі сипат үні базалық компонент болып табылады, басқа концептілерді сипаттау үшін бейнелі құралдардың бейнелі компоненті ретінде көрінеді. Сондай-ақ, адам сезімінің табиғатпен біте қайнасуына алып келеді. Ақын өлеңдерінде көрініс тапқан дүниенің поэтикалық бейнесіндегі «табиғат» концептісінің тілдік репрезентациясы кеңірек орын алған, поэтикалық образдарды жасаудағы негізгі желілік қызмет атқарады; табиғат әлемін қабылдау және оның концептуализациясы ең алдымен, сезімдік тәжірибе мен физикалық қабылдауға бағдарланған.

Тайыр Жароков – табиғат көріністерін шебер бейнелейтін пейзажист ақын. Қысқы түнде қалтырап-тоңған ай, жылы буы бұрқырап, күн көзіне балқыған көктем, мәуесі пісіп балбырап, алмасы пісіп албырап тұратын қоңыр күз суреттері де әдемі. Тайыр ақын қыстың, көктемнің, күздің суреттерін жасаған жаңа өлеңдер жазды. Ол Абай суреттеген жыл мезгілдері емес, Тайырдың өз заманының көктемі, қысы, күзі. Әрқайсысы өз қарбалас тіршілігімен, өзіне лайық көрінісімен жарқын бейнеленген. Мысалы: «Сұрғылттау күзгі мезгілде

Томсарыңқы тынық түн.

Сұр бұлттау сонау бір кезде.

Сарғылттау құмда туыппын.

Құмға жалғас жарқырап,

Жатыр сұлу Ақ Жайық!

Суреті көктен қалтырап,

Суында жүзген ай жарық» [1, 216.] - деп кіндік қаны тамған топырақтың табиғатын, туған елге, өскен жерге деген сүйіспеншілігін кіршіксіз таза пәк көңілімен, көркем жырымен кестелейді.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Мақалада «табиғат» концептісін анықтайтын тілдік деректерге концептуалды талдау, лингвомәдениеттанымдық талдау, ақын өлеңдеріндегі табиғат ұғымының берілуін талдау барысында салыстырмалы талдау әдісі пайдаланылады. Сонымен қатар, жұмыс жинақтау, жүйелеу, талдау, саралау, сипаттау, контекстік талдау әдістерінің кешенді түрде қолданылуы негізінде орындалды. «Табиғат» концептісі ақын үшін адам мен табиғаттың қарым-қатынасын білдіруге мүмкіндік беретін тек бейнелі қабылдау объектісі ғана болып қоймайды, сонымен бірге эмоциональды-бағалауыштық, экспрессивті қабылдау, «табиғат» концепті арқылы табиғи емес сипаттағы заттар мен құбылыстардың мәнін түсінуге мүмкіндік береді. Басқаша айтқанда, «табиғат» концептісі ақынның өлеңдерінде бейнелі сипат үні базалық компонент болып табылады, басқа концептілерді сипаттау үшін бейнелі құралдардың бейнелі компоненті ретінде көрінеді. Т. Жароков шығармаларында нәзік психологизм, Отанға, туған жерге деген ақынның көзқарасы, сүйіспеншілігі, патриоттық сезімі ашық аңғарылады.

Нәтижелер

Тайыр ақын асқақтаған Оралдың мың бұралып, шегініп кеп бас салатын жолбарыстай асау толқынын, суға түскен алтын шұғыладай теңіз шағалаларын, жағасы көк балаусамен көмкерілген Ақ Жайықтың алабын, қарағайлы орман жамылған құм Нарынның жасыл көркі сияқты табиғат көріністерін поэзия тілімен шебер өрнектей білді. Жыр сұңқарының қырағы көзінен – тау көтерген найзадай, қалт етпестен қақшиып тұрған Эльбрус, көктен құйылған Қазбектің көз жасындай Рица көлі де таса қалмады. Әйтсе де, тұлғалы талант құм Нарынына қайта айналып соға берді. Жалаңаш құмы қайнаған, құйыны ойнаған далаға шырылдап түсіп, жел гуіліне өз уілін қосты. Махамбет баба мен Шәңгерей жырларына арқау болған қасиетті топырақты Нарынның ұлы перзенті Тайыр ақын:

Туған жер, қасиетті алқалы елсің,

Тірегім, болашағым, арым сенсің.

Бөленіп тыныштықтың құшағында,

Жыл санап даңқың биік арта берсін! [2, 13б.] – деп асқақ мерейіне арман-тілегін қабыстырады. Шағын ғана шағыл құмнан қанат алады. Өзінің туған жерін мәңгілік жамбастап жатқан жалпақ Нарындай тегеурінді текті жырларымен жер мен көкті құлаштай асқақтата жырлайды:

Шарықтап ап сайрайын, қарсы ал, Нарын!

Суың бал, құмың қаймақ, кәусар Нарын.

Түріліп құм құрағы, ел құлағы,

Елжіреп, таңдай қағып тамсанғаның...

Таңында өзі туып талпындырған,

Дауысын ақынының аңсар Нарын.

Бір белгі құмнан-дағы, жырдан-дағы

Жасайын, басайын да аңсауларын [2, 20 б.].

Осынау географиялық жағынан Қызылқұмнан кейінгі үлкен құм Нарынға деген сағынышын бүкіл күреңселі қазақ даласын құшағына сыйғызып тұрып, биік пафоспен жырласа, енді бірде:

Қайран Ордам әлдеқайдан көрінген.

Сайғақ өріп, сағым ойнап өріңнен.

Қаншама сен ыстық едің, туған жер,

Ауырғалы шықпай қойдың көңілден – деп әрдайым Ордасын сағынышпен еске алады.

Табиғат сұлулығына сүйсінбейтін, сырлы суреттерге тебіренбейтін жан болмас. Асқар тауы жоқ, дария суы жоқ, Нарын құмының табиғатын өлеңнің піл жоталы қара нары бөлек бір сезіммен жырлайды. Сұлулық жөнінде ол былай деп толғанады:

Сұлулық жөн бе екен тауда ғана,

Барлығы сұлулықтың тау ғана ма?

Көгінде ай, көлінде аққу жүзе білсе,

Сұлулық емес ол да жай қала ма?

Өзінен биік жоқта тау да сұлу,

Күн жоқта түнде жүзген ай да сұлу

Сондықтан бізге біткен қыр да сұлу,

Тау сұлу, құм да сұлу, су да сұлу [3, 8 б.].

Бұл өлең жолдарынан арқалы ақынның – сүйген жердің бәрі сұлу деген ұлағатты ұғымын ұғынасың. Дауылпаз ақын сұлулықты туған жердің даласынан, ауасынан, ойынан, қырынан, көгінен, жерінен, бәрі-бәрінен іздейді. Бұл ойды ақынның «Орда» өлеңінен де көре аламыз:

Жырыма жастай ілінген,

Ыстық-ақсың тым, Орда,

Жалаңаяқ жүгірген,

Ізім қалған құмында.

Отырсам да тұрсам да,

Көз алдымда Жас құсым,

Өзгеге жаман болсаң да,

Өзіме тіпті жақсысың!

Туған жерін жырлаудан талмаған өр тұлға:

Құмның көрсең сен мұнда,

Аспаны да аласа

Шақ құламай күн құмға,

Тұрғандай-ақ қараса – деп көк аспан мен алтын күнге сүйсінсе, енді бірде:

Жұлдыз оты төгіле,

Құм бойына тез тарап.

Жүзді түнгі көгінде,

Ай – дөңгелек жез табақ – деп құмның мақпал түні мен күміс айына тамсанады [5, 7 б.].

Тайыр ақын көп жылдарды араға салып, 1958 жылы туған топырағына келіп, ел аралайды. Осы сапары жайлы жазған «Асықтым» өлеңінде:

Тұрғандай-ақ төзе алмай,

Жүрегі аңсап ғашықтың.
Жеріме туған, көз алмай.
Сағына бір күн асыппын.
Елдің шаттық тасытқан,
Есігін жырмен ашыппын!
Сайрап, таңға қосып таң,

Құмына төсім тосыппын [4, 58б.] – десе, сол жолы дархан дарынды, асқақ арынды ақын жерлестеріне мына өлеңді айтқан екен:

Көп жылдан соң көрсем де,
Байқамай мезгіл озғанын.
Туған жерім десем де,
Танымай қала жаздадым.
Көрдім тағы қырларын,
Жері қандай жап-жазық?!
Бір жағында құм Нарын,

Бір жағында Ақ Жайық – деп соғыстан кейінгі елдің тұрмысының түзеле бастағанын айбарлы құм баласы қуанышпен жырлаған. Белгілі ақын Фариза Оңғарсынованың «Туған ауыл» өлеңіндегі мына жолдар:

Мен туған ауыл – Ай мекен,
Еске алмай жүрер күнім кем.
Баяғы достар қайда екен,
Бірге ойнап, бірге жүрген?
Жатаған, ескі үй анау,
Мені алаң еткен шет жерде.
Бұл маңайлар да, құдай-ау,

Қалаға айналып кеткен бе?! – делініп Тайыр ақынның жырымен үндес болып келеді [7, 288б.].

Бұл тұста сонау отызыншы жылдары жазылған ақынның балалық шағы жайындағы «Алғашқы адымын» айтпай кетуге болмайды. Бұл – оның поэзиясының алғашқы баспалдағында тұрып жазған өлеңі еді.

Басқанда алыс жолға алғашқы адым,
Тұлымым желкілдеген жап-жас шағым.
Есімде: жетім тайлақ өркешіне
Жарбиып қаршадай боп жармасқаным..
Бүк түсіп қала берді Нарын құмы,
Қой баққан жерім талай дауыл күні...
Жаулығын желпи бұлғап - сау бол!- деген
Құлаққа анамның тек шалынды үні... [4, 63б.].

Тайыр ақын шығармашылығындағы «табиғат» концептісі көлемді туындыларында да көрініс береді. Мысалы, ақынның «Жапанды орман жаңғыртты» атты поэмасының негізгі идеясы соғыстан кейінгі халық шаруашылығын қалпына келтіру, өркендету жоспарында қуаңшылыққа қарсы күресу, шөл далаға су әкелу, құлазыған қу даланы жасыл орманмен безендіру, табиғатты адам ықпалына көндіріп қызмет еткізу болатын. Шығармада Жайық пен Нарын аралығындағы Сары-Адыр жерінің құмды иен даладан еңбеккердің

төккен терінің арқасында жайқалған орманға айналғандығы байқалады. Бұл біздің бүгінгімізбен үндес дүние. Айналадағы табиғат әлемін қорғау идеясы дастанның өн бойында өрімдей өріліп, алтын арқаудай тартылып отырады. Ал «Нарын» поэмасында дүлдүл ақын туған жерін:

Құм Нарын қабат-қабат қатарланған,
Қойынында қарағайы қалқалаған.
Гүрілдеп бір жағында Каспий жатыр,
Айдыны аспанды орай алқаланған.
Кең күрей қол батырсаң шығар суы,
Мөлдірей, қоя тұрсаң тұнар суы.
Жетпіс жыл жұт болса да жұтатпайтын,

Кетпес құт-құм, талшығы, құмаршығы [3, 65 б.] – деп бейнелесе, туған жері Орданың болашағын елестетіп, арманның ақиқатқа айналуын көксіп, «тезірек көргім келеді» дейді.

«Осынау қызыл құм далаға Жайықтан, не Волгадан (Есіл) су бұрылып, менің туған жерімде теңіз шалқыса, келесі жолы сол теңізде, кемемен келген мені елдегі жолдас-жараным қызыл құмдақ жағалауда қарсы алғанын тезірек көргім келеді» дейді асқаралы Тайыр ақын. Па, шіркін! Ықылым замандарда кәрі Каспийден қалған қазаншұңқырлар қайта толса дейді ғой. Осылай болмаса, оның несін ақындық қиял дейміз? Әрине, қызыл құмда теңіз шалқымады, ақын да еліне теңізбен келе алмады. Оның туған жері арқылы өтеді деген канал жобасы да қайсыбір көсемдердің марқұм болуымен бірге келмеске кетті. Дегенмен, Ордадан 60 шақырым жердегі Бөкей Ордасы ауданының орталығы Сайқынның және Жәнібек ауданының халқы күні бүгін құбырмен тартып, құм Нарынның суын ішіп отыр. Аталған мекендердің атырабында тұщы сулы құдық табылмайтынын білетіндер Орданың суының құнын да бағамдар еді. Бірін-бірі кезегімен ауыстыратын әкімдер де ауыз су мәселесін тиімді жақсартуды ауыздарынан тастамайды. Демек, айдын көл жайын Тайыр ақынның аузына періште салып, қиялына көк құс қонғаны анық. Халқын сүйген, Нарынын сүйген, туған жерін перзенттік махаббатпен беріле жырлаған ақын өмірінің жазушылық кезеңі өткен жыр мекені сүйікті Алматысын сүйсіне жырлайды:

Көшеде бәйтеректер басын иген,
Тал бойы неткен биік көкке тиген!
Шығыста Алматыдай гүлге оранған.
Қаланы сұлуырақ кім бар көрген!
Гүліне біздің өмір гүл жетпейді,
Нұрына біздің танның нұр жетпейді.
Безентіп мұнан да әсем жырлар едім.
Көркіне Алматының тіл жетпейді [1, 114 б.].

Күркіреп аққан өзендей Тайыр ақын 1908 жылы Батыс Қазақстан облысы, Бөкей Орда ауданы, Жетібай ауылында дүниеге келіп, 1965 жылы тасқынды жырларымен, таудан құлаған сарқырамадай екпінімен қазақ әдебиетінің классигі болған ақынның дамылсыз тыншу көрмеген, талайлардан

камқорлығын аямаған үлкен жүрегі 57 жасында тоқтап, Алатау баурайында, өзге де қазақ зиялылары тәрізді мәңгілік ұйқыға кетті.

Тайыр Жароковтың тамаша досы, әріптесі, әрі күрдасы, халық жазушысы Әбділда Тәжібаев «Достар ойға түскенде» деген толғауында:

Тайыр болса дәл бүгін қайтер едік?

Қимылдашы, Тәке - деп айтар едік.

Трибунаға ол биік шығып алып,

Алатаудың өзін де шайқар еді.

Алатаудың өзін де шайқар еді-ау.

Тау шайқайтын Тайырым сойқан еді-ау,

Аспанды да бір сілкіп байқар еді-ау,

Асау күнмен тілдесіп қайтар еді-ау... [6, 3б.] – деп аңсайды.

Талқылау

Табиғатты жырлау – сонау ауыз әдебиетінен бастап күні-бүгінгі поэзияға дейін ешқашан үзілмей жалғасып келе жатқан дәстүрлі үрдіс. Табиғат – поэзияның нысаны ғана емес, ақынға қуат беретін, шабыт беретін, өлеңнің өңін кіргізетін сұлулықтың қайнар көзі. Ерте заманнан бері адамдар өздерін табиғаттың бір бөлшегіміз деп өмір сүріп, оның сұлу бейнесін поэзияға айналдырып келген. Тереңнен ой тартып қарар болсақ, поэзия мен табиғаттың бір-бірімен ажырамас дүние, тамырлары тереңде жатқан бір арнада тоғысқан тұтас жүйе екеніне шүбә келтіре алмаймыз. Табиғат – тұнып тұрған әсемдік, көркемдік қана емес, өзінше тылсым жұмбақ бір дүние. Т.Жароковтың табиғат туралы барлық жырларында да ақынның туған жеріне, еліне, жұртына деген сүйіспеншілігі, сағынышы, перзенттік сезімі көрінеді. Ақын табиғаттың сұлулығын бірде құлпырта сол күйінде суреттесе енді бірде кейіпкермен қатар ала отырып, салыстыра, астастыра суреттейді. Туған жердің суретін бейнелеуде өзіндік ерекше өрнек таныта жырлайды. Табиғат аясында туып өскен әрбір ақынның сол тақырыпқа қалам тартпауы мүмкін емес.

Т.Жароков өлеңдерін тұтастай алып қарайтын болсақ, олардың тақырыбы, мазмұны – адам, оның бойындағы сан мың алуан сезімдері, адамның өмірге деген құлшынысы, көзқарасы, оның түрлі толғаныстары, адамның табиғатпен байланысы, қарым-қатынасы, адамның тағдыр-тіршілігі болып келеді. «Күлімдейді күміс күн де», «Жұлдыз жарығы», «Күн тіл қатты», «Мұз тұтқыны», «Тасқын» т.б. жырлары туған елінің табиғатын үлкен ақындық шеберлікпен суреттеген туындылар. Бұлардың қай-қайсысы да тақырып, мазмұн ретінде жаңалық емес, сан рет толғанған сырлар, жырланған шындықтар. Бірақ осы тақырыптар мен мазмұндардың қандайы болмасын, Тайырдың жырлауында жаңа қырынан, тың пішінде көрінеді. Ақынның «табиғат» концептісі – оқырманның эстетикалық сезімін байыптайтын, туған жердің табиғатына деген сүйіспеншілікті арттыра түсетін еңбектер. «Нарын», «Жапанды орман жаңғыртты», «Қырда туған құрыш», «Құмдағы дауыл», «Тау жырлайды», «Теңіз баласы», «Тасқынға тосқын» т.б. табиғатты шеберлікпен суреттейді. Оның табиғатты бейнелеуі басқа ақындардан өзгеше. Ол табиғатты жай ғана формалық тұрғыдан бейнелеп қоймайды, сол

табиғаттың әрбір туындысының мазмұнына терең үңіліп, өзіне ғана тән пайымдаулар жасайды.

Қорытынды

Тайыр Жароков – өз дәуірінің деңгейінен табылып, мезгілдің мінберінен тіл қатқан, дәуір туғызған ақын. Қашан да дауысы дәуірмен үндес болып, қолы заманының қан тамырының лүпілін сезіп отырды. Сезімтал да сергек ақын өзі өмір сүрген кезіндегі ұлы өзгерістердің ешқайсысын қалт жіберген емес.

Ақын деген кім? «Тылсым табиғатпен мәңгі бірге жасасып, түбінде бір адам қалады. Ол – ақын» демеп пе еді ақиық ақын Мұқағали Мақатаев. Ендеше, қоғамды тебіrentкен «бес жылдықтың балғасы», «миллион қолдар», «миллиард жылдар» өлмейтін мәңгі жырлар қалдырған Тайыр ақын үні уақыт шеңберімен қол ұстасып бірге келе жатқан жоқ па?!

«Сандуғаштың сайрау үшін, сұңқардың самғау үшін жаратылатыны сияқты, Тайыр поэзия үшін туған адам еді», - деп, ақын Тайыр Жароковтың өлеңмен өрнектелген шығармашылығына әділ баға берген Сағынғали Сейітовтың әулетінен Тайыр Жароков туралы заңғар замандастарының машинкаға басылған естелік жазбаларының жинағы табылды. Бұл жазбалар баспа өнімі болып шықпаған, оқырман қауымға беймәлім дүниелер. Алексей Брагиннің «Друг мой Тайр», Мұхаметжан Қаратаевтың «Тайырмен тізе қосқан шақтар», Әди Шәріповтің «Адамгершілігіне ақындығы сай еді», Тұманбай Молдағалиевтың «Жан еді-ау жайсаң сол ақын» атты естелік жазбаларын топтастырып, жинақ қылып шығару алдағы күннің міндеті деп білеміз. Ендігі біздің алдымызда білім ордаларымен бірлесіп, халқымыздың ардақты ұлы Тайырдың өмірі мен шығармашылығы жайлы кейінгі буын арасында үлкен насихат сабақтарын жүргізу міндеті тұр. Қазақта «айтпасаң білмейді...» деп келетін аталы сөз бар. Сол айтқандай, барымызды жарқыратып басқаларға көрсету жағы, терең тамырлы ел екенімізді насихаттауды күрделі мәселе деп қарастырғанымыз жөн.

«Өлеңімді шет ел мейлі таратып,

Оқысын, не оқымасын жаратып.

Жалындата төгіп жатқан жырларын,

Шырқай бермек ақын Тайыр Жароков!» - деп біз үшін аңыз адамға айналған ақынның өзі айтпақшы, туған жердің жыршылары ештеңеге қарамай шырқай бермек. Өйткені оның артында тыңдайтұғын елі тұр. Әрине, әр қоғам өз әдебиетін жасайды. Десек те, Тайыр Жароков – жылдардың немесе кезеңнің жыршысы емес, ол тұтас бір дәуірдің ақыны. Оның сол дәуір тудырған отансүйгіш өлмес-өшпес жырлары халқымен бірге мәңгі жасай бермек.

ӘДЕБИЕТ

[1] Жароков Т. Төрт томдық шығарамалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1978. – 216.

[2] Жароков Т. Таңдамалы шығармалар: Бір томдық. Өлеңдері мен поэмалары. – Алматы: Жазушы, 1978. – 13-206.

[3] Жароков Т. Таңдамалы. – Алматы: Ана тілі, 2008. – 8б.

[4] Жароков Т. Күн тіл катты: Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Атамұра, 2007. – 58б.

- [5] Балабасұлы К. Жарты ғасыр Тайырмен жүзdeskелі / Есімде менің сол бір кез / «Орда жұлдызы» аудандық газеті. – 26 шілде. 2008. – 76.
- [6] Шәмшеденова Г. Халқын сүйген, нарынын сүйген Тайырдың жырлары мәңгі жасайды / Т.Жароковтың туғанына 100 жыл/ «Орда жұлдызы» аудандық газеті. – 18 қазан. 2008. – 36.
- [7] Оңғарсынова Ф. Дауа. – Алматы: Атамұра, 2002. – 288 б.

REFERENCES

- [1] Jarokov T. Tórt tomдық shyǵaramalar jınaǵy (Collection of works in four volumes). Almaty: Jazýshy, 1978. 21p. [In Kaz.]
- [2] Jarokov T. Tańdamaly shyǵaramalary Bir tomдық. Óleńderi men poemalary (Selected works: in one volume. Poems). Almaty: Ana tili, 2008. 13-20 p. [In Kaz.]
- [3] Jarokov T. Tańdamaly (Selecting). Almaty: Ana tili, 2008. 8p. [In Kaz.]
- [4] Jarokov T. Kún til katty: men poemalar (The sun's tongue is hard: poems). Almaty: Atamura, 2007. 58p. [In Kaz.]
- [5] Balabasuly K. Jarty ǵasyr Tairyren júzdeskeli (Half a century of confrontation with Tair) / Esimde meniń sol bir kez / «Orda juldyzy aýdandyk gazeti– 26 shilde. 2008. 7p. [In Kaz.]
- [6] Shámshedenova G. Halkyn súgen, narynyn súgen Tairydyń jylary mángi jasaıdy (The song of Taira, who loved her people, loved her market, will last forever) / T.Jarokovtyń túǵanyna 100 jyl/ «Orda juldyzy» aýdandyk gazeti – 18 kasan. 2008. 8p. [In Kaz.]
- [7] Ońǵarsynova F. Daýa (Daua). Almaty: Atamura, 2002. 288 p. [In Kaz.]

Концепт «Природа» в стихах Таира Жарокова

*Джумабекова А.А.¹, Мажитова Б.К.², Ербулатова И.К.³

*¹магистр, старший преподаватель, ЗКАТУ им. Жангир хана, Уральск, Казахстан,

e-mail: vip.ainagul1986@mail.ru,

²магистр, старший преподаватель, ЗКАТУ им. Жангир хана, Уральск, Казахстан,

e-mail: b.karlovna@mail.ru

³доктор PhD, старший преподаватель, ЗКАТУ им. Жангир хана, Уральск, Казахстан,

e-mail: ilmira.1985@inbox.ru

Аннотация. Данная статья посвящена анализу концепта природы в литературной поэзии известного поэта Западного края Таира Жарокова. Цель статьи – проанализировать концепт природы в поэзии Тайыра, мастера лирики, известного своей уникальной творческой личностью в казахской поэзии. В результате исследования в лингвокогнитивном аспекте была представлена лингвокогнитивная модель языкового осмысления концепта природы с позиции индивидуального мировоззрения автора.

Исследовательская работа проводилась с использованием средств и приемов описания. Анализ показал, что при создании концепта «природа» в произведениях Т. Жарокова были использованы изобразительно-выразительные средства (сравнения, эпитеты, метафоры). В преобладающем количестве оказались оценочные эпитеты, отражающие схожесть характера, взаимоотношений и эмоционального состояния человека с состоянием природы.

Актуальность исследования заключается в определении характеристики природы, связанной с характером психологической оценки взаимоотношений человека и природы и их эмоционального состояния. Концепт природы служит средством раскрытия идеи произведения и описания образов и характеров картины. С помощью этого картины

произведения приобретают глубину мысли поэта. Будучи вдохновленным романтическими чувствами, поэт сумел увидеть и отразить жизненную действительность в своих стихах. В любом из его произведений образы природы изображены в соответствии с поднятой в произведении проблемой, конфликтом, характером и человеческой природой персонажей. Так, например, в произведении «Каспий» поэт рисует потрясающий образ моря. Яркий образ спящего горного героя ночью будоражит ум и наполняет воображение читателя.

Научная значимость исследовательской работы заключается в определении важности концептуального, лингвострановедческого анализа лингвистических данных, определяющих понятие природы в произведении. В статье показана жанровая особенность концепта природы. С самого начала своего существования в литературе поэт непрерывно воспевал образы природы. Таир Жароков внес свои преобразования в образцы казахской лирики, проявил особое мастерство в передаче картин природы. Лирические стихи Таира Жарокова внесли большой вклад в казахскую поэзию.

Результаты, полученные в ходе исследовательской работы, проиллюстрированы конкретными примерами и представлены в виде разностороннего анализа концепта природы, встречающегося в поэзии поэта, внесшего свой вклад в стиль казахской поэзии и проявившего большое мастерство в представлении образов природы.

Ключевые слова: концепция, лирические стихи, поэт, пейзажи, поэзия, личность, произведения, поэтический образ.

The concept of «nature» in the poems of Tahir Zharokov

*Dzhumabekova A.A.¹, Mazhitova B.K.², Yerbulatova I.K.³

*¹Master of Education, senior lecturer, West Kazakhstan Zhanqir Khan University, Oral, Kazakhstan,
e-mail: vip.ainagul1986@mail.ru,

²Master of Education, senior lecturer, West Kazakhstan Zhanqir Khan University, Oral, Kazakhstan,
e-mail: b.karlovna@mail.ru

³PhD, senior lecturer, West Kazakhstan Zhanqir Khan University,
Oral, Kazakhstan,
e-mail: ilmira.1985@inbox.ru

Abstract. This article is devoted to the analysis of the concept of nature in the literary poetry of the famous poet of the Western Region, Tahir Zharokov. The purpose of the article is to analyze the concept of nature in the poetry of Tayyr, a master of lyrics, known for his unique creative personality in Kazakh poetry. As a result of the research, a linguocognitive model of linguistic understanding of the concept of nature from the perspective of the author's individual worldview was presented in the linguocognitive aspect.

The research work was carried out using the means and techniques of description. The analysis showed that when creating the concept of "nature" in the works of T. Zharokov, visual and expressive means (comparisons, epithets, metaphors) were used. Evaluative epithets reflecting the similarity of the character, relationships and emotional state of a person with the state of nature were in the predominant number.

The relevance of the study is to determine the characteristics of nature associated with the nature of the psychological assessment of the relationship between man and nature and their emotional state. The concept of nature serves as a means of revealing the idea of the work and describing the images and characters of the painting. With the help of this painting, the works acquire the depth of the poet's thought. Being inspired by romantic feelings, the poet managed to see and reflect the reality of life in his poems. In any of his works, images of nature are depicted in accordance with the problem, conflict, character and human nature of the characters raised in

the work. For example, in the work "Caspian Sea" the poet draws a stunning image of the sea. The vivid image of a sleeping mountain hero at night excites the mind and fills the reader's imagination.

The scientific significance of the research work lies in determining the importance of conceptual, linguistic and cultural analysis of linguistic data defining the concept of nature in the work. The article shows the genre feature of the concept of nature. From the very beginning of his existence in literature, the poet continuously sang the images of nature. Tair Zharokov made his transformations into the samples of Kazakh lyrics, showed special skill in transmitting nature paintings. Tair Zharokov 's lyrical poems have made a great contribution to kazRussian poetry.

The results obtained during the research work are illustrated with concrete examples and presented in the form of a comprehensive analysis of the concept of nature found in the poetry of the poet who contributed to the style of Kazakh poetry and showed great skill in presenting images of nature.

Keywords: concept, lyrical poems, poet, landscapes, poetry, personality, works, poetic image.

Статья поступила 3.09.2022